



SOZAQ ÚNİ

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

№05 (9172)

WWW.SOZAK-UNI.KZ

СӘРСЕНБІ
17 қаңтар, 2024 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



Moody's ҚТЖ рейтингін көтерді

Moody's Investors Service (Moody's) халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ рейтингін Ваа3-тен Ваа2-ге дейін көтерді. Болжам «тұрақты».

Рейтингтің жоғарылауы «ҚТЖ» ҰК» АҚ операциялық және қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты жақсаруын, сондай-ақ кредиттік қабілеттілігінің неғұрлым жоғарылығын көрсетеді.

Агенттіктің бағалауына, ҚТЖ табыстың айтарлықтай өсуін және жақсы рентабельділікті көрсетеді. Кіріс 2021 жылы – 13%, 2022 жылы – 16% және 2023 жылдың алғашқы тоғыз айында 26% өсті және 2024 жылы 15-18% аралығында өсуі мүмкін. Moody's түзеткен EBITDA кірістілігі келесі 12-18 ай ішінде 28-30% деңгейінде сақталады.

Сарапшылар ҚТЖ жүк айналымының (2022 жылы – 5,1%, 2023 жылдың алғашқы тоғыз айында – 7,5%) өскенін атап өтті және ол 2023-2024 жылдары негізінен транзиттік және экспорттық операциялар есебінен жылына 7,0%-9,0% өседі деп сенім артып отыр.

Агенттік пікірінше, Транскаспий халықаралық көлік маршрутының өсіп келе жатқан ролі аясында теміржол жүк тасымалына сұраныс жоғары деңгейде қалады және оған инфрақұрылымның тар жерлері ғана кедергі келтіруі мүмкін деседі.

Рейтинг теміржол тасымалына деген жоғары сұранысты қанағаттандыруға және активтер базасын жақсартуға бағытталған компанияның ауқымды капиталды инвестициялау бағдарламасын көрсетеді. Агенттік пікірінше, теміржол инфрақұрылымын дамытуға және жылжымалы құрамды жаңартуға арналған күрделі шығындар 2022 жылы 33%-ға ұлғайса, 2023 жылы ол үш еседен астам өседі және 2024-2025 жылдары жоғары деңгейде қалады.

Агенттік сонымен қатар компанияның мемлекет үшін жоғары маңыздылығын және оның көмірсутек секторларынан бас тарту арқылы экономиканы әртараптандыру жөніндегі күш-жігерін атап өтеді.

Ұлттық орталық құрылады

Елімізде үздіксіз инклюзивті білім берудің ұлттық орталығы құрылады.

Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев Алматы қаласында арнайы және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ғылыми қоғамдастық пен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесті. 2024 жылға арналған жұмыс жоспары туралы Оқу-ағарту министрлігі арнайы және инклюзивті білім департаментінің директоры Лаура Бұтабаева баяндады.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерте көмек көрсету мақсатында бүгінгі таңда психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің санын арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазір елімізде 215 ППТК

жұмыс істейді, 2024 жылы қосымша 9 түзету кабинетін ашу жоспарланған. Қазіргі күні мектептерде 700-ден астам инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді, 2024 жылы олардың саны тағы 57 бірлікке ұлғаяды. Сонымен қатар биыл 14 ПМПК ашылады. Дөңгелек үстелде сөз сөйлеген Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев инклюзивті білім беру жүйесін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Бұл бағытты дамытудың маңыздылығын түсіне отырып 2023 жылдың желтоқсанында министрлік құрылымында арнайы және инклюзивті білім департаменті ашылғаны» жазылған ақпаратта.

«Созақ үні»-ақпарат.

Үкіметтің салалық жобасы

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте Қазақстанда тауарлы сүт фермаларын салу жөніндегі Үлкен жобаның іске асырылу барысы талқыланды.

Биыл елімізде 65 тауарлы сүт фермасы жұмысын бастауы керек. Олардың арасында жаңа және өндіріс қуатын арттыруды көздеп отырған тауарлы сүт фермалары бар. Кәсіпорындардың барлығы инвестициялық жобалар пулына кірді, ол өз кезегінде 10 жыл мерзімге 2,5% жеңілдікпен қарыз алу мүмкіндігін береді. Еске сала кетейік, 2023 жылы Мемлекет осы мақсаттарға 100 млрд теңге бөлді.

Кеңесте ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков хабарлағандай, әлеуеті алу жобалар пулын қалыптастыру жұмыстары өткен жылғы сәуір айында басталған болатын. Барлық қажетті құжаттар қабылданғаннан кейін Үлкен жобаға қатысушы 11 өңірге ӘКК арқылы жобаларды жеңілдікпен несиелеу үшін қаражат бағытталды.

100 млрд теңге көлеміндегі келесі транш 2024 жылы болады деп күтіледі. Мемлекет ауыл шаруашы-



лығы жерлерін суару, құс фабрикасын, көкөніс және жеміс қоймаларын салу, сондай-ақ ет өндіруге маманданған мал шаруашылығы жобаларын қаржыландырады.

Вице-премьер Серік Жұманғарин Үлкен жобаға қатысушы барлық өңір өкілдерін тыңдады. Кәсіпорындар пулын анықтау және қаржыландыру бойынша кедергілерді жою мәселелері егжей-тегжей талқыланды.

«2024 жылы пайдалануға беру жоспарланып отырған бірде-бір жобаны 2025

жылға қалдыруға болмайды. Үлкен жобаға бөлінген мемлекет қаражаты бірінші кезекте елімізде тауарлы сүт өндірісін айтарлықтай ұлғайту үшін 65 ферманы іске қосуды көздейді. Әрбір жобаны арнайы комиссия тексереді. Сүт фермаларын салу – Үлкен жобаның бір бөлігі ғана, басқа да өндірістер пулын әзірлеп бастау қажет. Өңірлерге ақпан айының соңына дейін барлық жоба бойынша шешім қабылдауды тапсырамын», деді вице-премьер.

Тілді дамытудың жаңа міндеттері



Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп Ғылым және Жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен кездесті. Кездесу барысында саладағы бірқатар өзекті мәселе, оның ішінде отандық ғылымды дамыту, жоғары білім сапасын көтеру, сондай-ақ еліміздегі тіл саясатын дамыту мәселелері талқыланды.

Депутат жоғары білім беру мәселелеріне, оның дамуы мен халықаралық стандарттарға сәйкестігіне Сенат басшылығы ерекше назар аударып отырғанын министрлік басшылығының назарына жеткізді. Депутат сонымен қатар тіл саясаты, атап айтқанда, мемлекеттік тілді заманауи технологияға кіріктіру мәселесіне де тоқталды.

«Президент алға қойған міндеттерді орындау аясында және «Креативті индустрияны

дамыту перспективалары және зияткерлік меншікті қорғаудың құқықтық тәсілдері» тақырыбы бойынша өтетін дөңгелек үстелге дайындық барысында комитет депутаттары «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығында болды. Сапар барысында мекеме сарапшыларымен бірге креативті индустрияны дамытудың келешегін талқылады. Ол, атап айтқанда, мемлекеттік тілді

жасанды интеллект саласына кіріктіру және мемлекеттік тілді оқытудың озық тәсілдерін әзірлеу мәселесі болатын. Президент тарапынан жасанды интеллект саласын дамыту, сондай-ақ оны біздің өмірімізге кіріктіру мәселесіне ерекше назар аударылып отыр. Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді Сенат пен Үкімет сіздің министрліктің атынан, оның ішінде қажетті заңнама негіздерін жасау арқылы шешу тәсілдерін бірлесіп әзірлеуге тиіс деп санаймын», деді Нұртөре Жүсіп.

Министр өз кезегінде тіл саясатын дамытуға және осы саладағы тиісті нормативтік-құқықтық актілерді ұдайы жетілдіруге бағытталып атқарылып жатқан шаралар туралы депутатты хабардар етті.

«Әже- ұлт ұйытқысы» тақырыбы аясында өткен «Аялы әже» форумына қатысушылардың ҮНДЕУІ

Біз, Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткізілген «Аялы әже» форумына қатысушыларға отанымыз Қазақстанда тарихи кезеңде «Ұрпақтар сабақтастығы» жөнінде баршаңызға Үндеу арнап отырмыз.

Аға буын өкілдерінің ұрпақтар сабақтастығы бойынша мақсаты - жастардың ұлттық мәдениетін, ана тілін, салт-дәстүрлерді және адами құндылықтарды сақтауға, оны жаңғыртуға, ұлттық және мәдени бірегейлікті дамытуға үлес қосу.

Еліміздегі жасампаз жаңалықтар, орасан зор саяси оқиғалар бәрімізге жоғары жауапкершілік жүктейді. Бірлік пен ынтымақта, татулық пен тұрақтылықта және бірлесе атқарғанда ғана алға қойған мерейлі мақсаттарға қол жеткіземіз.

Әсіресе, жаһандану саясаты дендеп тұрған шақта ұрпақ тәрбиесіне ұлт келешегіне аса көңіл бөліп, ұрпақтар сабақтастығын жарасымды жалғастырып отырған аға ұрпақ өкілдері, яғни, ардагерлер ұйымының жұмысы мемлекет басшысының сарабалд саясатымен де үндесіп жатыр. Мемлекет басшысы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында, «... ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек, ұлттың жаңа санасын қалыптастыру, әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет» деп атап көрсетті. Сонымен бірге, ол: «Бала тәрбиесі – ең алдымен ата-ананың міндеті, ал мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы» деп қадап айтты.

Ұрпақтар сабақтастығын жарасымды жалғастыруда, ата-бабалар амантарына адалдықтан айнымай алға апаруда, бала тәрбиесі және отбасы құндылықтарды, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды насихаттауда әжелердің орасан зор орны бар екені, олардың өлшеусіз рөл атқаратыны ақиқат. Сондықтан «Аялы әже» форумының аясындағы басқосуында айтылған ұсыныстарды, ортаға салынған ойларды, парасатты пікірлерді ескеріп, баршаңызды жұмыла жұмыс жасауға шақырамыз!

Үндеу 2023 жылғы 22 қарашада Түркістан қаласында өткен «Аялы әже» форумында қабылданды.

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2024 жылдың 31 қаңтар күні сағат 11:00 де Созақ ауданы әкімдігі ғимаратының 2-қабатындағы кіші мәжіліс залында өтеді.

- 1.«Созақ ауданы әкімінің 2023жылдың қорытынды есебі» (Хабарламашы - аудан әкімі М.Тұрысбеков)
 - 2.«Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту» (Хабарламашы – аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы М.Сапаров)
 - 3.Басқа да мәселелер.
- Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 31 қаңтар күні сағат 10:00 де Созақ ауданы әкімдігі ғимаратының 2-қабат кіші мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Ауданға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков арнайы жұмыс сапарымен келіп, аудан шаруалары және мәдениет пен спорт саласының қызметкерлерімен кездесті.

Жиынға аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, облыстық мәслихат депутаты Бегімбет Байғараев және аудандық мәслихат депутаттары мен «Amanat» партиясы Созақ аудандық филиалының төрағасы Ернар Сағындық қатысты.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде өткен кез-



ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ АУДАНҒА АРНАЙЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ

десуді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, жүргізіп отырды. Ауданға арнайы келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібековтің жұмыс сапарының мақсатына айрықша тоқталды.

Ұласбек Сәдібекұлы өз кезегінде: Басқосудың басты мақсаты – жергілікті тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, өзекті мәселелер-

мен мұқият танысып, барлық мәселелерді депутаттық сауал салу арқылы шешуге ықпал жасайтындығын атап өтті. Сондай-ақ Парламент аясында атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен баяндады.

Жиында облыстық мәслихат депутаты Бегімбет Байғараев халық арасында жиі көтеріліп жүрген бірқатар мәселелерді алға тартып,

аудан шаруалары өздерін толғандырған сауалдарын жолдады.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы туындаған мәселелермен етене таныс екендігін айтып, бұл жөнінде қолға алынған жұмыстарды тілге тиек етті. Мәжіліс депутаты көтерілген сауалдарды тиісті министрліктерге жеткізетіндігін айтты.

Аудан басшысы аналарға күміс алқа табыстап, құрмет көрсетті



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ҚР Президентінің Жарлығымен «Күміс алқа» алған көп балалы аналарды қабылдап, құрмет көрсетті.

–Еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуы халық санының көбейуіне тікелей байланысты. Біз аналардың өмірдегі рөлі мен жас ұрпақ тәрбиелеуде жасаған еңбектеріне қашанда құрметпен қараймыз. Болашаққа зор үмітпен қарап, ел демографиясына үлес қосып отырған Сіздерге үлкен ризашылығымды білдіремін. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман, өсіріп отырған ұл-қыз-

дарыңыз Тәуелсіз еліміздің дамуына үлес қосатын үлкен азамат болсын,- деді аудан басшысы.

Айта кетейік, бүгінгі салтанатты шарада Шолаққорған ауылдық округінен 5 анаға «Күміс алқа» табысталды. Аудан аумағындағы қалған ауылдық округтерден «Алтын алқа» иеленген 6 анаға және «Күміс алқа» иеленген 16 анаға ауылдық округ әкімдері табыстайтын болады. Жалпы бүгінгі таңда Созақ ауданында 829 «Алтын алқа», 1 204 «Күміс алқа» иелері бар.

ЖАСТАР КУБОГІ

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Жастар кубогі» атты аудан жастарының арасында волейбол ойынынан сайыс өтті.

Спорттық шараға Құрал Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің директоры Сержан Бегманұлы жастарға шараның маңыздылығын түсіндіріп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарысқа қатысқан барлық коман-



далар дипломдармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Жеңісі мен жеңілісі қатар жүретін дода тартысты өтті. Жарыста жүлделі орын иеленгендер – 1-орын «Тоқтар» командасы, 2-орын «Ерқанат» командасы, 3-орын «1993 түлектер» командасы. Сонымен қатар, жарысқа қатысушылар түрлі номинациялармен марапатталды. Үздік шабуылдаушы – Әбиев Ержан, ардагер ойыншы – Асылбеков Нұрлан, үздік қорғаушы – Қасентегі Нұрқанат.

Барша жеңіске жеткен командаларды шын жүректен құттықтаймыз!
«Созақ үні»-ақпарат.

Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылы атқарған жұмыстары туралы

Құрметті жерлестер! 2023 жылды табысты аяқтап, жаңа жылды қарсы алдық. Өткен жыл облысымыз үшін табысты жыл болды. Түркістанды жаңа заманмен үндестіре түлету, сондай-ақ облыстың экономикалық әлеуетін арттыру жөніндегі жұмыстар толасыз жүргізілді.

Осы орайда, өткен жылы облыстық мәслихатта атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алдағы жоспарларды айқындап алудың сәті келіп отыр.

Мәслихат – халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін жергілікті өкілді орган. Бүгінде елдің алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік міндеттерді орындауға ықпал етуде мәслихаттар маңызды рөл атқарады.

Өздеріңізге белгілі, ағымдағы жылы сәуір айынан бастап жаңа сегізінші шақырылымдағы мәслихаттар жұмысына кіріскен болатын. Облыстық мәслихатқа 46 депутат сайланды.

Сонымен қатар, 3 тұрақты комиссия құрылып, олардың төрағалары сайланды.

Жалпы, мәслихаттардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, әлеуметтік кепілдіктерді сақтауға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тұрғысынан қосар үлесі өте зор.

Осы тұрғыда, өткен жылы облыстық мәслихаттың 8 сессиясы өткізіліп, түрлі салаларға қатысты маңызды мәселелерді реттейтін 115 шешім қабылданды, оның ішінде 29 шешім (нормативтік құқықтық акт) облыстық Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өтті.

Қабылданған әрбір шешім алдында міндетті түрде мәслихаттың тиісті тұрақты комиссияларында егжей-тегжейлі пысықталып, содан соң сессияларда талқыланды.

Атап айтқанда, 2023 жылы бюджет, экономика және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 10 отырысы өткізіліп, 38 мәселе қаралса, әлеуметтік-мәдени даму, мемлекеттік-құқық, жергілікті өзін-өзі басқару және депутаттық этика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 10 отырысы өткізіліп, 91 мәселе қаралды.

Сол сияқты кәсіпкерлік, құрылыс, инфрақұрылымды дамыту, жер қатынастары және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 8 отырысы өткізіліп, 44 мәселе қаралды.

Сессияларда облыстық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, тиісті жылдың облыстық бюджеті 4 рет нақтыланды.

Депутаттардың белсенділігін арттыру мақсатында регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

14 мемлекеттік мекеменің есептері тыңдалды. Есебі тыңдалған мекемелердің жұмыстарын зерделеу үшін алдын-ала арнайы уақытша депутаттық топтар құрылды. Солардың бірқатарына тоқталып өтсем, депутаттық топтар өткен жылдың 23-31 мамыр аралығында өңіріміздің барлық аудан, қалаларындағы спорттың сандарының, 2023 жылдың 14-28 тамыз аралығында барлық аудан, қалалардағы білім саласы мекемелерінің жағдайымен танысып, жұмыстарына зерделеу жүргізді.

Нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталып, Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен білім басқармасының жұмыстарына қанағаттанарлықсыз деген баға берілді және тиісті ұсыныстар жолданды.

Одан бөлек, облыстағы уран өндіруге бөлінген жер учаскелері, экологиялық жағдай және кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуға төлемдері туралы мәселені қарадық. Арнайы құрылған уақытша депутаттық топ «КазАтомПром Сауран» компаниясына іссапармен барды.



Зерделеу жұмыстары кезінде 10-15 жылдан бері уран өндіретін компаниялардың әлеуметтік-экономикалық дамуына біржолғы төлемді ең төменгі шекте төлейтіндігі анықталды.

Депутаттар облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігімен бірлесе отырып, министрлік пен уран өндіретін мекемелер арасында жасалған келісім-шарттарды қайта қарап, әлеуметтік-экономикалық дамуға төленетін төлемдерді инвестиция көлемінен 2 пайызға ұлғайтуды ұсынды. Нәтижесінде «КазАтомПромСауран» компаниясы келісім-шартты өзгертіп, төлемді инвестиция көлемінен 2 пайызға көтерді. Қалған компаниялармен жұмыстар кезеңімен жүргізілуде.

Сондай-ақ, депутаттар сессияларда саяси маңызды мәселелерді де қарап, шешімдер қабылдады.

Солардың ең маңыздысы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда айтқан тапсырмасына сәйкес, облыстық мәслихат 2023 жылы пилоттық режимде әкімдердің тікелей сайлауы өтетінін аңғарып, қалалар тізбесін және сайлау күнін белгілеп, шешімдер қабылдады. Шешімдерге сәйкес, 2023 жылғы 5 қараша күні Мақтаарал, Шардара, Бәйдібек және Созақ аудандарында әкімдер сайланды.

Одан бөлек, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес саяси партиялардың ұсыныстары негізінде аумақтық сайлау комиссиясының 7 мүшесін сайлады. Жаңа құрам жыл басынан жұмысын бастап, төрағасы мен оның орынбасарын, хатшысын сайлады.

Сонымен қатар, Түркістан облыстық тексеру комиссиясы ұсынысымен тексеру комиссиясының мүшесі ретінде Н.Тағаевты, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі негізінде Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы ұсынысымен Түркістан облыстық тексеру комиссиясының төрағасы лауазымына Ф.Тәпеевті тағайындау туралы шешім қабылдадық.

Есепті кезеңде депутаттар халықты толғандыратын проблемаларды шешу үшін жергілікті атқарушы органдарға 361 депутаттық сауал жолдады.

Оның 231-і немесе 63% қанағаттандырылып, орындалған. Қалған 130-ы орындалу үстінде немесе заңнама талаптарына сәйкес түсініктемелер берілген.

«AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде депутаттар 1400-ге жуық қоғамдық қабылдау өткізіп, 5000 жуық азаматты қабылдады.

Қабылдауларда көтерілген мәселелер бойынша құзыретті органдарға

шаралар қабылдау үшін тиісті ұсыныстар жолданды.

Облыстық мәслихат аппараты қызметінің маңызды бағытының бірі – азаматтардың өтініштерімен жұмыс.

Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардан барлығы 148 өтініш келіп түскен, оның ішінде 121-і жеке тұлғалардан, 27-і заңды тұлғалардан. Барлық келіп түскен арыз-шағымдар бойынша қолданыстағы заңнама шеңберінде жұмыстар жүргізіліп, өтініш иелеріне мерзімінде жауап берілді.

Сонымен қатар, 2023 жылы облыстық мәслихат аппаратының кеңсесіне 1425 құжат келіп түсті. Келіп түскен кіріс хат-хабарларды қабылдау, талдау, жүзеге асыру жұмыстары жүргізіліп, мәслихат құзыретіне кіретін мәселелер бойынша 1334 шығыс хат-хабарлар жолданды.

Баршаңызға мәлім, халықтың ұсыныс тілектері бойынша қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуде мәслихаттардың орны ерекше.

Осы орайда, есепті кезеңде тұрғындарды толғандыратын мәселелер бойынша облыстық мәслихат қабырғасында 13 жиын өткізіліп, тиісті органдарға 24 хаттамалық ұсыныстар берілді.

Бүгінде ол ұсыныстардың 15-і орындалып, 9-ы бойынша жұмыс жүргізілуде.

Одан бөлек, депутаттармен бірге медиа-орталықты, облыстық клиникалық аурухананы, Түркістан жоғары медицина колледжін, «Тұран-Су» мекемесін, облыстық жедел медициналық жәрдем станциясын аралап, тыныс-тіршілігімен таныстық және мәселелерін тыңдадық.

Нәтижесінде, облыстағы Қазығұрт және Ордабасы аудандық ауруханаларының, Кентау қалалық орталық ауруханасы мен №1 облыстық перинаталдық орталығының 2022 жылғы желтоқсанда аяқталуы тиіс болған күрделі жөндеу жұмыстарының ертерек аяқталуына ықпал еттік.

Жедел-жәрдем станциясын аралау кезінде медициналық аппараттардың жетіспеушілігін көріп, депутат М.Тұрысбеков құны 55 млн. теңгеге өкпені жасанды желдету аппаратының 5 данасын сыйға тартты.

Сонымен қатар, «Тұран-Су» мекемесіне баратын жолға асфальт төсеу жұмыстарын жүргізуге бюджеттен тиісті қаражат қаралды.

Одан бөлек, депутаттар облыстық клиникалық ауруханасының эндокринология бөлімшесі қызметімен танысып, медицина саласы қызметкерлерімен пікір алмасты. Бөлімше қызметімен танысу барысында дәрігерлер эндокриндік сырқатпен ауыратын адамдар саны жыл сайын шамамен 8 пайызға өсіп жатқандығын, соның салдарынан пациенттерді станционарға жоспарлы жатқызу, емханаға

тексерілу және кеңес алу ұзақ уақыт алатындығын жеткізіп, эндокринология бөлімшесін бөлек диспансер ретінде құруға ықпал етуді сұрады. Осы мәселе бойынша біз облыс әкіміне ұсыныс енгіздік. Қазіргі таңда тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ, өткен жылы желтоқсанда бір топ депутаттармен Кентау қаласындағы жылумен қамту жұмыстарымен таныстық. Қаланың тұрғын үйлерін, мектептер мен емханаларды аралап, жергілікті халықпен тілдестік. Тұрғындардың мәселелерін назарға алып, қаладағы жылуудың уақтылы және тұрақты берілуін бақылауға алдық.

Жалпы, осындай аралау кезінде анықталған мәселелердің шешілуіне депутаттар барынша атсалысып келеді. Алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.

Өздеріңіз білетіндей, Түркістан облысы-мақтаны көп мөлшерде өндіретін еліміздегі жалғыз аймақ. Сондықтан, мақта жиын-терімі өңіріміздегі өзекті мәселе. Осыған орай, Түркістан облысы әкімі Д.Сатыбалдының бастамасымен Жетісай, Мақтаарал, Шардара аудандары бойынша 3 жұмысшы топ құрылып, Шардара ауданындағы жұмысшы топқа жетекшілік еттім. Жұмысшы топпен мақта егетін 8 ауылдық округтердегі 40 мақта қабылдау пунктерін бірнеше рет аралап, шаруалармен және халықпен кездестік. Аралау кезінде диқандар мен шаруаларға мақталарын әділ өткізуге қолдау көрсетіп, шаруаларды мазалайтын мәселелердің оңынан шешілуіне атсалыстық.

Түркістан облыстық мәслихаты қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және маңызды мәселелер бойынша қабылданған шешімдермен халықты ақпараттандыру мақсатында есепті кезеңде өткен барлық 8 сессияның онлайн-көрсетілімдері «Youtube» платформасында көрсетілді.

Құрметті оқырмандар! Жаңа шақырылымдағы облыстық мәслихат 2023 жылы біршама жұмыстарды атқарды. Әлі алдымызда атқарылатын жұмыстар мен жоспарлар бұдан да көп.

Соның бірі, депутаттардың белсенділігін арттыру мақсатында осы жылғы ақпан айына халық қалаулыларының аудан, қалаларда есеп беру кестесін әзірлеп, бекіттік. Бұл кесте Заңға сәйкес дайындалды. Мұндай кездесулер алғаш рет болғалы отыр, алда тұрақты негізде өтетін болады.

Сонымен қатар, 19 мемлекеттік мекеменің есебін тыңдау, аудан, қалалардағы өзекті мәселелер бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланған.

Одан бөлек, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Өкілді билікті одан әрі цифрландыруды қамтамасыз ету» бойынша берген тапсырмасына сәйкес мәслихат сессияларында дауыс беру процесін электрондық нысанда жүргізу бойынша мәжіліс залын қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы, жоспар бойынша барлық жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілуде. Алдағы уақытта да депутаттар өңір халқының қолайлы ортада өмір сүруі үшін қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу жолындағы жұмыстарын жалғастыра бермек. Себебі, бізге сенім білдірген халық алдында үлкен жауапкершілік бар екендігін жақсы сезінеміз.

Сондықтан, өңіріміздің тұрғындарының әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешуге барынша атсалысып, облыс әкімдігімен бірге құстың қос қанатындай ынтымақтаса аянбай еңбек ете береміз.

Нұралы ӘБІШОВ,
Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы.

Ұрпақтар сабақтастығы-ұлт ұйытқысы

Үстіміздегі жылдың 22 қарашасы күні Түркістан қаласында, Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған «Әжелер алқасына» 10 жыл толуына орай «Әже-ұлт ұйытқысы» тақырыбында өткен «Аялы әже» форумын еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың оқитын республикалық «Қазақстан дәуірі» газетінің 2023 жылдың 30 қарашасы күнгі №48 және 21 желтоқсандағы №52 нөміріне «Ұрпақтар сабақтастығы - ұлт ұйытқысы» тақырыбында жарық көрген мақаласы.

Газетіміздің өткен сандарында «Әже - ұлт ұйытқысы, тәрбие бесігі» атты Түркістан қаласында өткен «Әжелер алқасы» ұйымының 10 жылдығына арналған «Аялы әже» форумы жайлы жазған болатынбыз. Расымен әже дегенде көз алдымызға жүзінен мейірімі төгілген асыл бейне, аялы алақан, талай тағдыр талқысы жасырылған терең әжім, оған мойымаған алып тұлға келеді. Иә, әже деген алып тұлға! Ол - ұлт тәрбиесінің ұйытқысы, ұрпақ саулығының діңгегі. Асыл аналарымыз бен ұлы әжелеріміздің тәлім-тәрбиесін көріп, тұлғалы деңгейге жетіп, тарихта есімі қалған ұлылар қатары көп-ақ. Зередей зерделі де ұлағатты әжеден аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарды тыңдап өскен Абай ұлы ақынға айналса, Айғанымдай әженің өнегесін көріп, тәрбиесін алған Шоқанның шоқтығы биік болды. Ал заңғар жазушы, маржан сөз құдыретінің егесі Шерхан Мұртазаңың әжесі Айша немересінің бойына үлкен қасиетті қандақтан сіңіре білген абыз әже. Міне, әже тәрбиесімен тау тұлға болып өскен ұлт мақтанштары жайында айтылар әңгіме, келтірер мысал таусылмақ емес. Осы орайда Түркістан облыстық ардагерлер кеңесі төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлмен сұхбаттасқан едік.

- Биыл Түркістан облыстық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Әжелер алқасына» 10 жыл толып отыр. Әжелер алқасының мақсаты мен тарихына қысқаша тоқталып өтсеңіз.

Өткенімізге ой салсақ, қазақ жері қай заманда да ен байлыққа көз тіккен жат елдің шапқыншылықтарынан көз ашпай, нешеме ғасыр өмірі жаугершілікпен өтіпті. «Үйде туып, түзде өлуге» тас-түйін бекіп, ат үстінде жігер күшін шыңдап өскен қазақтың әрбір баласы ата-баба қанымен аманат болып жеткен елді, жерді сақтауды өзінің айналасына парыз санаған. Ал, қазақтың әрбір бұрымды, бұраң бел қаракөзі сол ел қорғаны болған азаматының шаңырағының жылуын сақтап, ұрпағын көбейтіп отырған. Еш жерде жазылмаған бұл Ұлы дала заңы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қалайша бұлжымай орындалып отырды? Әрине, бүкіл бір рулы елге бас болған абыз ақсақалдардың аталы сөзімен, кимешегі иығына төгілген әже ертегісімен, ана әлдімінен, әке ақылмен бала санасына сіңіп, ұятты қыз, миятты ұл өсіруге ықпал етті. Әсіресе бала тәрбиесінде «айналайымын» аялаған Әженің орны қашанда жоғары болғаны айнымас шындық. Өкінішке қарай, сонау өткен ғасырдың басындағы ер мен әйелді теңестіріп, қазақ тұрмысының қалыптасу заңдылығын бұзған кеңестік идеология, одан кейінгі ден қойған нарықтық формация салдарынан ана әлді де, әже ертегісі де ұмыт қалды. Осы орайда Бауыржан Момышұлы: «Мен үш нәрседен қорқамын. Бірінші, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын. Екінші, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын. Үшінші, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын», - деген екен. Шындығында, оқушы балалармен «Атадан - өсиет, анадан - қасиет» тақырыбында өткен кездесулердің бірінде қазақтың әрбір баласы білуі тиіс ұлттық салт-жоралғыларға қатысты сұрақтарға жауап



бере алмағанын көріп, бүгінгі жас ұрпағымыздың ұлтымыздың асыл тәрбиесінен алыстап, құндылықтарымыздан мақұрым қалып бара жатқан жоқпыз ба деген ой мазалады. Сондықтан бала тәрбиесінде жіберіп алған осы олқылығымыздың орнын толтыру мақсатында 2013 жылы 3 сәуірде сол кездегі Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан «Әжелер алқасының» іргесін қаладық.

- Осы уақытқа дейін қандай жұмыстар атқарылды?

Жалпы, 200-ден астам іс-шаралар өткізіліп, 25 000-нан астам жастар тартылды. «Аялы әже» номинациясы белгіленіп, жалпы 18 апа-әжелер марапатталды. Ел басына күн туған қиын кезең - пандемия кезінде қатерге бас тігіп, әжелеріміз мың-мыңдап бетперде тігіп таратты. Арыстағы жарылыс кезінде алғашқылардың қатарында азық-түлік пен киім-кешекке көмек қолын созды. Ал, Мақтаарал ауданындағы су тасқыны кезінде де алдыңғы шепте жүрген де осы әжелер болды. Осындай атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртуына, ұрпағымыздың патриоттық сезімін оятуға және өзге дінге бет бұра бастаған жастарымызға тосқауыл жасауға өз септігін тигізуде. Үстіміздегі жылы «Әжелер алқасының» құрылғанына 10 жыл толып, аймағымыздың барлық аудан, қалаларында танымдық-тәрбиелік тақырыптарда іс-шаралар өткізілді. Бұл бастамамыз аз уақытта-ақ өз жемісін бергеніне бүгінгі күні бүкіл облыс халқы куә болып отыр. «Тәрбие - тал бесіктен» демекші, ең алдымен жаңа отау көтерген жастарды отбасылық өмірге бейімдеуден бастап, сол отбасында дүниеге келген сәбиді ізгілік пен ізеттілікке, еңбек пен бауырмалдылыққа баулу, қоғам өміріне белсене атсалысатын елжанды азамат қалыптастыруға көмектесуді мақсат тұтқан осындай «Әжелер алқасы» облысымыздың барлық 17 аудандық, қалалық ардагерлер кеңестері мен 528 елді мекендегі бастауыш ардагерлер ұйымдарының жанынан құрылып, іргелі істерге ұйытқы болып келе жатыр. Ұлтымыздың болмысын сақтап қалу үшін аса маңызды миссияны атқарып жүрген бұл ұйымның жұмысына облыс көлеміндегі 75 326-ға жуық белсенді, өнерлі, сан саладағы еңбегімен елге сыйлы болған, ерелі ұл-қыз өсіріп, үлкен әулеттің киесіне айналып отырған абзал әжелер мен аналар тартылып, өмір өнегесін дарытуда. «Әжелер алқасы» құрылғаннан бергі осы он жылда «Анамнан қалған қолөнер», «Қыз көркі - мінезде», «Әже өсиеті - ұрпаққа үлгі, болашаққа бағдар» және т.б. тақырыптарда көптеген танымдық-тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, «Ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту арқылы жастарға тәрбие беру», «Әже - ұлт ұйытқысы», «Ұрпақ тәрбиесі - біздің болашағымыз» атты кітаптар мен буклеттер шығарылып таратылды.

- «Аялы әже» деген мүсін таңбасына дейін жасаған екенсіздер, соның мән-мағынасына тоқталып өтсеңіз.

Аялы әжелеріміздің бойындағы өмірге деген шексіз белсенділік, ерік-жігер, асқан мейірімділік пен ұрпақ

тәрбиесіндегі саналы мектебі көпке үлгі әрі өміршең болсын деген мақсатпен қазақи оюланған «Аялы әже» мүсін-таңбасы жасалынды. Бұл мүсін-таңбаның мән-мағызын сараласақ, онда қос алақанның ортасында шашақты тұмар, аспан жұлдыздары бейнеленген. Тұмар - тіл-көзден сақтайтын қасиетті қазақи ұғым болса, шашақтары - ұлтымыздың өсіп-өнген ұрпағы. Жоғарыдағы жұлдыз, аспанның ашықтығын бейбітшілікті бейнелесе, жиегіндегі өрнегі ұлттық құндылығымыз - салт-дәстүрді айшықтайды. Ал, қос алақан - сол ұрпақты мейірім-махаббатымен, кемел кемеңгерлігімен, адастырмас ақылымен, ұлттың ұлық құндылықтарымен суғарылған тәрбие бесігіне бөлеп өсірген әженің аялы алақаны. Қасиетті таңба-мүсіннің мақсаты-еліміздің барлық облыстары мен қалаларында қолма-қол эстафета ретінде таралуын іс жүзінде іске асыра отырып, жалғастыру ұсынылады. Келешекте республикалық деңгейде «Әжелер» институт құрылымын құру. Оның мағынасы: Аялы әженің алақанында қазақ халқының барлық қасиетін ұрпағымыз осы тұмардай тағып бойында сақтауы. Ашық аспан астында тұмардағы шашақтары ұрпақтар сабақтастығын көрсетеді, яғни қазақ елінің қасиетті ұрпақтары жалғастырады дегенді білдіреді. Мақсат - бұл «Аялы әже» атты мүсін-таңбаны еліміздің барлық облыстарына эстафета етіп жолдау.

- Жасап жатқан еңбектеріңіз республика деңгейінде жасалатын жұмыс екен, осы орайда мемлекет тарапынан қандай қолдау көрсетілуде?

Өткеннің жауһарын сүзіп алып, бүгіннің озығымен ұштастырып отырған бұл ұйымның жұмысы мемлекет басшысының сарабал саясатымен де үндесіп жатыр. Биылғы 17 маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құратындығына және оларды мемлекет әрдайым қолдайтындығына баса назар аударып, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл ең алдымен үлкендердің кінәсі екендігін айтқан болатын. Сонымен бірге, ол: «Бала тәрбиесі - ең алдымен ата-ананың міндеті, ал мектеп - білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы» деп қадап айтты. Біздің «Әжелер алқасы» Мемлекет басшысы ерекше назар аударып отырған осы мәселені, яғни отбасындағы тәрбиені қоғамдық деңгейге көтеріп, үлкен істер атқарып отырғаны даусыз. Осындай маңызы бар істің біздің оңтүстік өңірінен бастау алғанына қуанамын және мақтанш тұтамын. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, осы орайда қазыналы қарттардың қамын қамдап, ұрпаққа ұлағатын дарытып отырған Ардагерлер кеңесіне әрдайым қолдау көрсетіп отыратын облыс басшысы Дархан Амангелдіұлының аға ұрпақ өкілдеріне деген ілтипат-құрметіне шыннайы алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ, ардагерлер ұйымдарының жұмысына баса көңіл бөліп, осы ұйымдардың барлық бастамалары мен ұсыныс-өтініштерін орындауға көмектесіп, үлкен азаматтық көрсетіп жүрген аудан, қала басшыларына да алғыс ай-

туға рәқсат етіңіздер. Шындап келгенде, сіз бен біздің бәріміз де бір мүддеге - еліміздің ертеңі үшін қызмет етіп отырғанымыз да айнымас ақиқат. Дегенмен, ұлттың тірегі де, алтын арқауы да болған, болып та келе жатқан, бола да беретін қазақтың асыл әжелерінің тәлім-тәрбиесін кеңінен насихаттап, оған мемлекеттік маңыз берудің уақыты әлдеқашан жетті деп ойлаймын. Сондықтан, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы, Еңбек ері, Парламент мәжілісінің депутаты Бақтықожа Салахатдинұлының қолдауымен осы бастамаға «Аялы әже» мәртебесін беріп, «Әжелер алқасының» он жылдық жұмысының озық іс-тәжірибелерін республика көлемінде таратуды қолға алғалы отырғанымызды жеткізгім келеді. Осыған орай бүгін біз аялы әжелеріміздің бойындағы өмірге деген шексіз белсенділік, ерік-жігер, асқан мейірімділік пен ұрпақ тәрбиесіндегі саналы мектебі көпке үлгі әрі өміршең болсын деген мақсатпен қазақи нақышта бедерленген «Аялы әже» мүсін-таңбасын жасап әкеліп отырмыз. Бұл таңбаның мән-мағызына үңілсек, ол аялы әженің алақанында қазақ халқының барлық қасиетін ұрпағымыз осы тұмардай тағып, бойында сақтасын деген ниеттен туған. Ашық аспан астында желбіреген тұмардың шашақтары ұрпақтар сабақтастығын көрсетеді, яғни қазақ елінің қасиетін ұрпағы жалғастырады дегенді білдіреді. Біз осы «Аялы әже» деп атаған мүсін-таңбамызды еліміздің барлық облыстарына эстафета етіп жолдаймыз. Алғашқы эстафета бүгінгі «Аялы әже» форумында салтанатты түрде Жамбыл облысына тапсырылатын болады. Түркістан облысынан бастау алған игі бастама еліміздің барлық түкпірінде жалғасын тауып, ұлтымыздың өресін биіктетуге қызмет ете беретініне бек сенім артамыз.

- Форумда үндеу жариялаған едіңіздер, сол үндеудің мақсатын айтып кетсеңіз?

Аға буын өкілдерінің ұрпақтар сабақтастығы бойынша мақсаты - жастардың ұлттық мәдениетін, ана тілін, салт-дәстүрлерді және адами құндылықтарды сақтауға, оны жаңғыртуға, ұлттық және мәдени бірегейлікті дамытуға үлес қосу. Еліміздегі жасампаз жаңалықтар, орасан зор саяси оқиғалар бәрімізге жоғары жауапкершілік жүктейді. Бірлік пен ынтымақта, татулық пен тұрақтылықта және бірлесе атқарғанда ғана алға қойған мерейлі мақсаттарға қол жеткіземіз. Әсіресе, жаһандану саясаты дендеп тұрған шақта ұрпақ тәрбиесіне ұлт келешегіне аса көңіл бөліп, ұрпақтар сабақтастығын жарасымды жалғастырып отырған аға ұрпақ өкілдері, яғни ардагерлер ұйымының жұмысы Мемлекет басшысының сарабал саясатымен де үндесіп жатыр. Мемлекет басшысы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «...ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек, ұлттың жаңа санасын қалыптастыру, әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет» деп атап көрсетті. Сонымен бірге, ол: «Бала тәрбиесі - ең алдымен ата-ананың міндеті, ал мектеп - білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы» деп қадап айтты. Ұрпақтар сабақтастығын жарасымды жалғастыруда, ата-бабалар аманаттарына адалдықтан айнымай алға апаруда, бала тәрбиесі және отбасы құндылықтарды, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды насихаттауда әжелердің орасан зор орны бар екені, олардың өлшеусіз рөл атқаратыны ақиқат. Сондықтан «Аялы әже» форумының аясындағы басқосудың айтылған ұсыныстарды, ортаға салынған ойларды, парасатты пікірлерді ескеріп, баршаңызды жұмыла жұмыс жасауға шақырамыз!

-Құрметті Жеңісбек Мәуленқұлұлы, мағыналы әңгімеңіз үшін көп рақмет! Еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

«Қазақстан дәуірі» газеті, №48, №52 2023 жылғы сандары.

Қазақ халқының біртуар ақыны Қасым Аманжолов: “Өзге емес, өзім айтам өз жайымда”, - деп жырлаған екен. Негізі өзің жайлы өзің айту қиын сияқты. Алайда достар тілегі сол болған соң, қолыма қалам алып, шамалы өзім жайлы айтып көрейін дедім.

Өзімнің Кәкей туралы естелік сөзімде айтқанымдай мен Қозмолдақ-Сызған ауылының азаматымын. Ауылымызды ресми түрде Сызған ауылы деп атайды. 1967 жылы Алматы қаласындағы Қаз Пидің филология факультетіне 35 ұл – қыздың бірі болып оқуға түстім. Ұлдарымыздың саны алғашқыда 8 еді кейін екі бала қосылып 10 болдық. “Білім алу – инемен құдық қазғандай”, -депті ғой даналарымыз. Қиыны мен қызығы мол білім алу үрдісі басталды. Бала кезімнен жоғары білім алсам деген тілегім орындалып, білім алуға шын ниетіммен кірістім. Мектептегі оқушы кезімізде аты жөндерін тек оқулықтардан ғана білетін ғалым ағайларымыз бен апайларымызды көзбен көріп, алдарынан оқып, білім алдық. Бұл біздер үшін өте үлкен қуаныш, әрі зор мақтаныш та еді. Ол кісілер - Қ.Жұмалиев, Серік



тәрбиелеп өсірдік. Бәрі де жоғары білімді. 5-үнің мамандығы - мұғалім. Бір қызым дәрігер. Бәрі де отбасылы, балалы - шағалы, 20-дан аса немере-шөбереміз бар. Екеуміз ұл-қыздарымыздың алдындағы бақытты ата-ана, немере-шөберелеріміздің алдындағы бақытты ата-әжеміз.

Быылғы 2023 жыл біз үшін өте қуанышты жыл болды. 52 жылдан соң бірге оқыған курстас достарымызбен табысып, жақын тұратындар кездесіп, үлкен бір бақытты күйге келіп жатырмыз. Ұялы телефонның арқасында күнделікті әңгімелесіп тұруға да мүмкіндіктер мол болуда. Сондай бір әңгімеде курстас досым Атаханова Нескеннің естелігін тыңдап қатты қуандым. Нескен мен үшін өте құрметтеп сыйлайтын достарымның бірі еді десем басқалардың көңіліне келмес деп ойлаймын. Суреттерді көріп отырсам менде Нескен мен Нағиманың жеке суреттері бар екен. Нескен отбасын құрғанда тойларына шақыру билетін жіберген болатын. Бірақ баруға мүмкіндік болмады. Курстасым Багила ақын:

“Ал біздің ұлағатты ұлдар қайда, Киноға шақыратын күн болмай ма?”

Өзім туралы айтар болсам

Қирабаев, Шайқы Кәрібаев, Нығмет Ғабдуллин, Асхат Әбілхаев, Ғабдулла Қалиев, Қ.Шүленбаев, Евстафин, С.Танкаев, Т.Шойынбаев, М.Мұқанов т.б. ағайлар мен Н.Оңалбаева, Бейсенбаева, Бәйтікова, Ф.Мұсабекова, Разия апай Шағатаева тағы да басқа апайларымыз еді.

Бұл ұстаздарымыздың бізге берген білімі мен тәлім - тәрбиесі, аяулы есімдері жадымызда мәңгі сақталады. Шәкірттік жүректен алғысымыз шексіз. Өйткені ардақты ұстаздарымыздың берген білімінің арқасында біз институтты ойдағыдай бітіріп, жас шәкірттердің алдында беделді де білімді мұғалім бола алдық деп ойлаймын. Институты Кәкей Жанжұнов пен Модан Розиева қызыл дипломмен бітірсе, қалған достарымыздың барлығы жоғары деңгейде білім алып шыққанын мақтанышпен айтуға болады.

1967-1968 оқу жылында институт өмірінде болған жаңалықтардың біздің оқуға түсуімізбен қатар келуінің өзі айтуға тұрарлық қуанышты игі шаралар деп ойлаймын. Атап айтқанда, біздің қазақ тілі мен әдебиет бөліміне 25 студент қабылдаудың орнына министрліктің рұқсатымен 35 студент қабылданды. Сондай-ақ осы жылы тарих - филология факультеті бөлініп өз алдына жеке жеке факультет болды. Біздің группа институты бітіретін жылы бірінші рет қазақ әдебиетінен 5 студентке мемлекеттік емтиханда диплом жұмысын қорғау тапсырылды. Ұлдардан Кәкей Жанжұнов және мен диплом жұмысын қорғадық. Ғылыми жетекшілеріміз Серік Қирабаев, Нығмет Ғабдуллин ағайлар өте жақсы деп бағалады. Басқа пәндерден мемлекеттік емтихандарды талап деңгейінде тапсырып, институты ойдағыдай бітіріп, жаңа өмірге жолдама алдық. “Атандық сапарға, көңілде мол арман”, - деп алдағы күтіп тұрған туған елге жол тарттық. Ауылға барып жаңа еңбек жолымызды бастадық.

Мен өзімнің алғашқы мұғалімдік қызметімді Шу өзенінің бойындағы Жуантөбе ауылында Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектепте бастадым. Алты айдан кейін Сөзәк аудандық білім бөліміне әдіскерлік қызметіне шақырылдым. 2 жылдан кейін Сызған ауылындағы Гани Мұратбаев атындағы орта мектепте өз мамандығым бойынша мұғалім болып келдім. Жас маман ретінде оқушылармен тікелей араласып, үйірме жұмысын жүргізіп, түрлі тақырыптық кештер, білім сайыстарын өткізіп осының нәтижесінде

ұстаздар мен оқушылардың, ата-аналардың сыйы мен құрметіне ие болдым. Сондай-ақ аудандық облыстық педагогикалық оқуларға, семинарларға қатысып, жас ұрпаққа білім-тәрбие берудің озық әдістері мен тәсілдері жайында әріптестерім арасында ой-пікір бөлісуге белсене араластым. Осындай білім тәрбие беру барысында атқарып жүрген жұмыстарымды бағалап, 1987 жылы Шымкент облыстық білім департаментінің бұйрығымен “Аға мұғалім” атағына ие болдым. Қ.Айтқалиев атындағы Республикалық Атаулы мектептің Шымкент облысы бойынша мүшесі болдым.

тутының қазақ тілі мен әдебиетінің меңгерушісі Бектай Қожахметов болды. Курстасым Себепбаева Бақтылымен бұл іс-шарада да бірге болдық. Қазақ тілі мен әдебиетінің әдіскер маманы ретінде аудандық білім бөлімінің бұйрығымен мектептерді тексеру, аттестациядан өткізу жұмыстарына қатыстым. Сондай-ақ, орта мектепті алтын, күміс медальға, үздік аттестатқа бітіруге жазылған шығармаларды тексеру жөніндегі аудандық сарапшылар тобының тұрақты мүшесі болдым. Жалпы ұстаздық қызметінде талап деңгейінде жұмыс атқардым-ау деп ойлаймын. Оқушыларға білім - тәрбие беруде ата-аналармен тығыз

Әфирге өзіміз деп шығып кетсем, Үйдегі патшайымдар қызғанбай ма?”-деп сәлем жолдапты. Бұған енді қалай жауап жазбасқа? Мен де бес алты ауыз өлеңмен сәлем жолдадым ғой. Сөйтсем достардың бәрі менің өлең жазғанымға таңғалып, рахмет айтыпты. Нескен де: “Біздің ұлдардың бәрі өнерлі еді. Бірақ көп көзге көрініп шыға бермейтін. Мергенбай мен Нағиманың бір отырыста әзілдесіп айтысқаны есімде қалыпты”, -деп, жазған өлеңіме ризалығын білдіріпті. Нескенге үлкен алғыс. Мен жас кезімнен өлеңді жақсы көретін едім. Мектепте оқып жүргенде көктем туралы өлеңім аудандық



1993 жылы мамыр айында Атаулы мектептің кезекті сабағын өз мектебімізде өткізіп, үздік нәтижеге қол жеткіздім. Атаулы мектептің ерекшелігіне сай мектепте және табиғат ортасында сабақ өткізудің әдіс-тәсілдері талапқа сай орындалып іске асырылды. Мектептегі, ауылдағы озат ұстаздардың қатарында аудандық, облыстық, республикалық іс-шараларға үнемі қатысып отырдым. Қазақ тілі мен әдебиетінің Түркістан қаласында өткен Республикалық конференциясына Сөзәк ауданынан 4 мұғалім қатыстық. Сол сапарымызда курстасым Бақтылы Себепбаева, Гүлдана Жақыповалармен кездестім.

1995 жылы мамыр айының алғашқы он күндігінде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы қарсаңында Алматы қаласында өткен Республикалық семинар-кеңеске қатыстым. Менімен бірге Шымкент білім жетілдіру инсти-

байланыс жасап, балалардың тиянақты білім алуын үнемі қадағалап отырдым. Осының нәтижесінде 1981-1986 жылдары мектеп жанындағы интернатқа меңгеруші болып, малшылардың, алыстағы ауылдардың балаларының мектепке тартылуын іс жүзіне асырдым. 1998 жылы наурыз айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалып, 2012 жылы зейнеткерлікке шыққанша осы жұмысты абыроймен атқардым. Зейнеткерлікке шыққанға дейін педагогикалық кеңестің тұрақты хатшысының жұмысын жүргіздім. Жалпы қай жұмысты атқарсам да, оның талап деңгейінде болуына мән беріп жұмыс жасадым.

Енді жеке отбасылық жағдайыма келсем, 1971 жылы қараша айында отбасын құрдым. Жұбайым Өтжанқызы Закура-Сөзәк ауданы, Қарағұр аулының қызы. Жоғары білімді, биология пәнінің жоғары категориялық мұғалімі. Отбасында 3 ұл, 3 қыз

“Молшылық үшін” газетінде жарияланған болатын. Оқуға түскен соң институт үйірмесіне қатысуға бардық. Өлеңдерімізді оқытты. 4-курстың бір қызы аты Еңлікүл болуы керек, біздің жазған өлеңдерімізді қатты сынады. Өлең емес, қара сөз дегенге дейін барды. Мен сонан кейін өлең жазбай кеттім. Жатақхананың қабырға газеті, “Балаусаға” кейде жазатынмын. Мектепте мұғалім болып қызмет етіп жүргенде бос уақыттарда кейде өлең жазып жүрдім. Аудандық, облыстық, республикалық газеттерге шығып тұрды. Бірақ көп емес. Алайда, “Ақын болу шарт емес, азамат болу парызың”, -депті ғой бір данышпан. Курстасымыз Бағиланың кітап шығарайық деген ұсынысына шын жүректен қосыламын.

Мергенбай САЛЫҚБАЙҰЛЫ,
ақын, ардагер ұстаз.
Шымкент қаласы.

БӘРІМБЕКТІ БАРЛЫҚ ЖҰРТ БІЛСЕ ЖАҚСЫ

Барымбек Сәрсенұлы Бейсеновті 1925 жылы Сарысу ауданы Сарысу-Қаракеңгір өзендерінің қиылысындағы «Құйылыс» деген жерде дүниеге келген дейді. Негізі Ұлы Отан соғысына ертерек бару үшін жасын ұлғайтып 1923 жылы деп жаздырған екен. Шені ішкі істер саласының генерал-майоры. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Алматы заң институтын бітірген (1952). Заң ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші, прокурордың көмекшісі болып істейді. 1969-1985 жылдары Бейсенов КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің негізін қалаушылардың бірі және алғашқы бастығы. Қысқа мерзімде мектептің оқу ғимараттары іске қосылып, материалдық базасы нығайды, оқытушылар құрамы қалыптасты. 1985 жылдан ІІМ Алматы мектебінің профессоры. Бейсенов көптеген монографиялардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Ол ҚР Жоғарғы соты, Конституциялық соты, Бас прокуратура, ІІМ ғылыми-консультациялық кеңесінің, Жоғарғы Кеңестің қылмыстық кодекс жасау жөніндегі комиссиясының мүшесі болып, елімізде құқықтық мемлекет құруға көп еңбек сіңірді. 2001 жылы Үкімет қаулысымен ол негізін қалаған қазіргі ҚР ІІМ Қарағанды заң институтына Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтің есімі берілді (оқу ғимараты алдына кеуде мүсіні орнатылған). Өйткені ІІМ Қарағанды академиясын 1969 жылы әділет генерал-майоры Барымбек Бейсенов құрған болатын. Сөйтіп 1985 жылға дейін осы милиция мектебін басқарды. Кейін осы оқу орнының Алматы қаласындағы филиалын басқарды. Ол үздік профессор-оқытушылар құрамын біріктірді. ҚР қарасты Б.Бейсенов атындағы ІІМ Қарағанды академиясы тергеу және анықтау, криминалистика мамандығы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытады. Оқу уақыты әскери қызмет өткерумен теңестіріледі, түлектерді жүз пайыздық жұмысқа орналастыру, оқу аяқталғаннан кейін түлектерге «құқық қорғау қызметінің бакалавры» біліктілігі берілген диплом беріледі және ішкі істер министрлігінің бұйрығымен «полиция лейтенанты» атағы беріледі. Бәрімбек Бейсенов ІІ Министрлігінің мүшесі, Республикалық прокуратураны, Жоғары соттың, Конституциялық соттың, ғылыми-консультативтік кеңестің, мүшесі, Республикалық құқық қызметкерлері ассоциацияның вице-президенті, Республикалық Қылмыстық Кодексті әзірлеушілердің бірі, «І-дәрежелі Ұлы Отан соғысы», «Халықтар достығы», «Ерлігі үшін», «Берлинді азат еткені үшін», «Праганы азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалдарымен марапатталған. Ол кісі туралы «Жүректегі естелік» атты кітап жарық көрген.

Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтің түп тәжіяны жаңарқалық болған. Ертеректе генерал Сперанский Сібір қазақтарын біріктіру үшін жергілікті қазақтарды отырған жерлерінен қуып, 1100 отбасыны осы Созақ, Сарысу аудандарының аралығындағы жерге көшіріп әкеліп орналастырған.

Мына Жамбыл жақта Қызылкермер, Сарыкермер, Қаракермер деген жерлерге көшіп барушыларға 1 шаршы км жер бөліп берген. Бәрімбек, әпкесі Дәмеш, қарындасы Әлия, аналары Рымбала Созақ ауданындағы «Қызыл әскер» колхозына ағайындарының ортасына көшіп келеді. Осы «Қызыл әскер» колхозында бұзау бағады. Әкесі Сәрсен, Сәйілбек, Жақай, Дүйсен деген кісілер кіші жүз тама руының ішіндегі

жабал тама, оның ішінде Аңдағұл атасынан тарайды. Бұлар отырған «Қызыләскер» колхозының мал жайылымы Сарысу ауданына жақын болды. Сондықтан Бәрімбек Сарысу мен Созаққа тел өскен ұл десек те болады. Ол Байқадамдағы мектепте білім алады. Оның үстіне 1930 жылы Созақ көтерілісі бұр ете қалып соған қатысқандар ұсталып қамалып, атылып жатқандықтан, Бейсеновтер отбасы лажы болса Созақты ауыздарына алғысы келмеген сыңайлы.

Мен Алматы малдәрігерлік институтында оқып жүргенімде Бәрімбек ағаның әпкесі Дәмеш тәтеміздің үйінде тұрдым. Дәмеш тәте Бейсенова Қазақ ССР Сауда министрінің орынбасары болатын. Дәмеш тәте Абай көшесінің бойында тұратын. Ол кісі Мұхтар Әуезовтермен көрші тұрды. Күйеуі сол уақыттағы Алматы қаласындағы түрменің бастығы болған екен. Олардың перзенттері болмады.

Ал Әлия тәте мен Серік Қирабаев көкеміз Сәтбаев көшесінің бойында 4 бөлмелі үйде тұратын. Сонымен қатар, Серік көкемізге турбаза жақтағы Қазақстан жазушылар одағының дача үйлері болатын ол жерден де үй берілген. Онда Сырбай Мәуленов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Мұхамеджан Қаратаев сияқты атақты марғасқа жазушы-ақындармен көрші тұрды. Серік көке мен Әлия тәтеміздің үлкен ұлы Нұр 1949 жылы дүниеге келген, академик, Москвадағы М.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетті бітірген. МГУ-дің бірінші проректоры болған. Екінші ұлы Әділ УВД-да қызмет етіп



жүріп көлік апатынан қаза болады. Үшінші ұлы Әлім Серікұлы Қирабаев Қазақстанның Польша Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі. 1957 жылы туылған. 2007 жылы Әлия Бейсенова апамыз Созақ ауданының Құрметті азаматы атағын иеленді. Апамыз жездеміз академик Серік Қирабаев көкеміз екеуі екі-үш жылда бір рет келіп жаз жайлауда апталап жатып қымыз, саумал ішіп қайтатын. Ол кісілерге арнап бөлек киіз үй тігіп, сонда демалатын, дейді өткен жылдар белесінен естелік айтқан бауырлары Мырзағали Жақаев.

Мырзакең айтқандай Бәрімбекті оқытқан Сәрсеннің, яғни әкесінің қарындасы Дәмеш апамыз. Дәмеш апамыз сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында жоғарғы оқу орнын бітірген. Кейінен Қазақ ССР Сауда Министрінің орынбасары секілді түрлі жауапты қызметтер атқарып, Совет сауда техникумының директо-



ры болып зейнеткерлікке шыққан. Бәрімбекті осы кісі Қызылорда да қолына алып мектепте оқытқан. Содан соң ол кісі Шолаққорғанда түрлі жұмыстар істеген. Бәрімбек Қызылорда да оқып жүргенде оның отбасы Шолаққорғанда тұрған. Немересінің үлкені болғандықтан Бәрімбек Бейсен атасы мен әжесі Рымбаланың қолында өскен. Бәрімбектің қарындасы ғыл. докторы, профессор Әлия апамыз Бәрімбектің әкесі Сәрсеннің қарындасы. Бірақ, Бәрімбектің жасы одан үлкен және олар бір үйде Бейсеннің үйінде ағалы-қарындас болып бірге өскен.

Әлия апамыз бен Серік көкеміз екеуі жаз айында араға жылдарды салып келіп тұратын. Сондай бір келгенінде менің әкем Сәби-ев Ізтілеу жастық шақтарында колхоздың бұзауын бағатынын айтқан болатын. Елге сирек келетін. Жездеміз бен апамыз бірін бірі керемет қадірлейтін. Бір-бірін құрметтеп сыйлайтыны соншалық бір-біріне бір ауыз ауыр сөз айтпайтын. Нағыз білімді, көзі ашық, көкіректері ояу азаматтар еді ғой, - деп Ізтілеуұлы Сансызбай ағамызда аз кем есінде қалған естелігін айтты.

Біздің Бәкең 1923 жылы 11 желтоқсанда Байқадам ауылында дүниеге келген. Ауа райы суық, жартылай шөлейтті аймақ жас баланы ерте есейтті. Әкесі Сәрсен қиын күндерді бастан өткерген жан. Және ұлының бойына тәлім-тәрбиені, ұлттық санасын жастайынан сіңіріп өсірді. Әкесі малшы, анасы үй шаруасындағы аяулы ана болатын. Отбасында көп бауырлары болды. Бәрімбектің қарындасы атақты оқымысты, ғалым, эколог-географ, география ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, Алматыдағы Абай атындағы университеттің экология және география кафедрасының меңгерушісі Әлия Бейсенова болатын. Бәрімбек 1942 жылы қазақ орта мектебін бітірген соң әскер қатарына шақырылды. Белоруссияның

Гомель қаласындағы әскери училищенің жылдамдатылған курсына оқып бітіріп, 1943 жылы Украина майданының 3-ші танк армиясы құрамында Берлинге дейін соғысады, дейді жары Дардан Зәкірқызы Хусайнова өзінің естелігінде.

Ал Әлия апамыздың «Өмір өткелдері» атты кітабында «Бәрімбек ағам соғыс жасына жасы жетпеседе құжатын 1923 жылы деп жаздырып Созақ аудандық партия комитетінің екінші хатшысының Оразәлі деген ұлы екеуі Шолаққорғаннан майданға аттанды. Біз жылап сақтап ауылда қалдық. Рымбала апам сай сүйекті шымырлатып жылағаны әлі есімде.» деп жазады. Сол кітапты парақтап отырсаңыз көп мәліметке қанығасыз. Бәрімбек Бейсенов Жабалдың Аңдағұл атасынан шыққан атақты Торжан би,оның баласы Жанбек болыс, Төленбек болыстардың ұрпағы.

Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсенов туралы әріптестері профессорлар Сұлтан Досмағанбетов, Г.П.Куур, Кашиф Мухамедшин кремелік естеліктерімен бөліседі. Бәрімбек Бейсенов 1997 жылы күзде өмірден өтеді. Оның 20-дас астам шәкірттері генералдар облыстық УВД-ның, қалалық ГУВД-ның бастықтары, құқықтық жоғары оқу орындарының ректорлары, милиция колледждерінің директорлары, қаржы полициясының басшылары, мәжіліс депутаттары, МВД академиктері болып тәуелсіздің елдің құқық саласында тер төгіп жүрген азаматтар.

Қарындасы Әлия Сәрсенқызы Бейсенова 1932 25 наурызда дүниеге келген. Қазақстандық ғалым, География ғылымының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Мемлекеттік сыйлықтың иегері. Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері. Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері. Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Қазақ КСР Еңбек сіңірген мұғалімі. Қазақстанның физикалық географиясы, экологиясы, дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы бойынша жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдардың, монографиялардың т.б ғылыми зерттеу еңбектерінің, ғылыми мақалалардың авторы.

Бәрімбектің әкесі Сәрсен Сәкен Сейфуллинмен Ақмоладағы үш кластық орысша бастауыш мектепте бірге оқыған. Сәрсеннің інісі Сәйілбектен бір ұл, бір қыз бар болатын. Ұлы қазір 80 жаста Алматы қаласында тұрады. Сәрсен ағайындары Созақ көтерілісіне қатысты деген айыппен құдалауға ұшырайды. Өзі де ұсталып Қызылорда қаласына жер аударылып сол жақта жүрген кезінде отбасын сол өңірдегі Терезөзек, Шиелі аудандарына көшіріп апарды. Одан кейін Созаққа ағайындарының арасына көшіріп әкеледі. Байлардың ұрпағы ретінде, 1928 жылғы кәмпескеден қашып, жобамен 1929-1939 жылдары Созақ ауданындағы туысқандары Тайбек, Жақай, Дүйсен деген адамдарды паналап келген. Аналары Рымбала «Қызыл әскер» колхозының ірі мүйізді қара фермасында сауыншы болып жұмыс атқарады. Ізтілеу көкеміздің «бұзау баққанбыз» дейтін жылдары осы уақыт болса керек. Осындай игі жақсыларымызды елге етене таныстыра беру біздің басты міндетіміз болмақ. Кешегі өткен жылдар бүгінгі тарих. Ендеше әлі де біз білмеген деректер баршылық деген сөз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

ЖРВИ, тұмау ауруларының алдын алу!

Тұмау – бұл барлық жерде кең таралған жоғары жұқпалы вирустық инфекция. Тұмаудың тән клиникалық көріністері: дене қызуының күрт көтерілуімен (38С-тан жоғары), қалтыраумен, бас ауруымен, бұлшықет ауруымен, жалпы әлсіздікпен, жөтелмен бірге жүретін аурудың кенеттен жедел басталуы.

Жіті респираторлық вирустық ауру науқас адамнан сау адамға ауа-тамшылы жолдармен жұғады, тіпті өте ауыр жағдайларда өліммен аяқталу қаупі бар.

Тұмау несімен қауіпті? Тұмау өзінің асқынуларымен өте қауіпті: пневмония, бронхит, трахеит, отит, жүрек-тамыр жүйесінің, жүйке жүйесінің асқынулары (менингит, менингоэнцефалит, энцефалит, невралгия, полирадикулоневрит). Тұмау көбінесе созылмалы аурулардың өршуімен бірге жүреді.

Белгілері – әлсіздік, қатты бас ауру, қалтырау, ауру ағымына қарай дене қызуының 38-40С көтерілуі, бұлшықет пен буындардың ауру сезімі, көрудің нашарлауы, мұрынның бітуі, тамақтың қышуы, тершендік, құрғақ жөтел. Аурудың ұзақтығы 5 күннен 10 күнге дейін созылады.

Тұмаудың алдын алудың негізгі шарасы – вакцинация екенін есте ұстаған жөн. Вакцинация халықтың барлық топтарына ұсынылады, әсіресе қауіп-қатер тобындағы контингенттерге, әлсіреген және жиі ауыратын балаларға, созылмалы аурумен ауыратын егде жастағы адамдарға, медицина қызметкерлеріне, жүктіліктің екінші және үшінші триместріндегі жүкті әйелдерге көрсетіледі. Вакцинация аурудың эпидемиялық көтерілуі басталғанға дейін 2-3 аптадан кешіктірілмей жүргізіледі.

Тұмау мен ЖРВИ-дің алдын алу мақсатында:

- адамдар көп жиналатын жерлерде және қоғамдық көліктерде болу уақытын қысқартуды;
- адамдар көп жиналатын жерлерде медициналық бетперде тағуды;
- түшкіру немесе жөтел сияқты белгілері бар адамдармен тығыз байланыста болудан аулақ болуды ұсынамыз.

Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығын сақтаңыз!

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Таукент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 2-61-38 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 25-2-41, 25-4-06 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 23-3-03, 23-5-43 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Хабарландыру

«DAMU Metals» ЖШС Қазақстан Республикасының Түркістан және Қызылорда облыстарындағы 192 блок шегінде лицензиялық аумақта қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының (ҚПҚ) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдауларды өткізілетіні туралы хабарлайды.

Барлық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелерді талқылауға қатысу мүмкіндігі беріледі.

Жоба материалдарымен танысу, жұртшылықтан ұсыныстар мен ескертулерді қағаз түрінде немесе электрондық нысанда қабылдау келесі мекенжайлар бойынша жүргізіледі: <https://ecorportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталда және жергілікті атқарушы орган – «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, a.esenbai@ontustik.gov.kz, 160023, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32,20 көшесі, 25.01.2024 ж. қоғамдық тыңдаулар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Объявление

ТОО «DAMU Metals» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по материалам раздела «Охрана окружающей среды» к Плану разведки твердых полезных ископаемых (ТПИ) на лицензионной площади в пределах 192 блоков в Туркестанской и Кызылординской областях РК.

Всем гражданам и общественным объединениям предоставляется возможность принять участие в обсуждении вопросов в области охраны окружающей среды.

Ознакомление с материалами проекта, прием предложений и замечаний от общественности в бумажной или электронной форме принимаются по адресам: Единый экологический портал <https://ecorportal.kz> и МИО - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», a.esenbai@ontustik.gov.kz, 160023, Туркестанская область, г.Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20 в течении пяти рабочих дней, с даты начала общественных слушаний 25.01.2024г.

Сыбайластықтың зауалынан сақтан

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымылықтарын іс жүзінде асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлар-

дың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзінде асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып

білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Ерзат БАЛЫҚБАЕВ,
Құмкент ауылдық округінің әкімі.

Балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Балық аулау демалыстың керемет түрі, алайда қауіпсіздік ережелерін сақтамасаңыз ол өте қауіпті. Шағын көлемді кемелер немесе қайықтармен балық аулау және аң аулау алдында, қайыққа отырмас бұрын оның ескерткіші және олардың бекіткіштерінің, сонымен қатар құтқару шеңбері мен суды сарқып алу үшін ожаудың болуын қадағалап қарап алу қажет. Қайыққа отыруды аса сақтықпен жүргізу қажет. Шағын көлемді кемелердің немесе қайықтың бортына отыруға, бір орыннан екінші орынға ауысуға, бір қайықтан екіншісіне отыруға, қайықты шайқауға, одан суға секіруге немесе суңгуге қатаң түрде тыйым салынады.

1. Өзімен бірге міндетті түрде медициналық қобдиша, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің орналасқан орыны туралы хабарлағыш құралдарының болуы тиіс. 2. Балық немесе аң аулау орнын мұқият тексеріп

қарап алу. 3. Мас күйінде немесе есірткіге масайған күйде балық немесе аң аулауға қатаң тыйым салынады. 4. Қайықтың жарамдығын тексеру, оны құтқару жилеті, құтқару шеңбері мен белдіктермен жабдықтау. 5. Қайықта шелектің немесе ондағы суды сыртқа шығару үшін ыңғайлы басқа да ыдыстардың болуы. 6. Балық немесе аң аулауға керекті құрал-жабдықтарды кеме бортының бойына, ал қалған бұйымдарды (киім, қолсөмке, чехолдан) қайықтың отырғышының астына, тұмсығына немесе артқы бөлігіне жинақы орналастырыңыз. Қандайда бір төтенше жағдайға тап болсаңыз «101» немесе «112» немесе 4-25-76 нөміріне хабарласыңыз.

М.ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Көмірқышқыл газбен уланудан сақ болайық

Газбен иістену жылыту маусымы кезінде өте жиі кездесетін жағдай болғандықтан басты мәселе болып саналады. Газ иісті және мүлдем иіссіз болып келеді. Иісті газбен уланғанын адам мүлдем сезбей қалуы мүмкін. Иісті газ ауа атмосферасына жанудың әсерінен пайда болып таралады. Ол газ және майлы пештер, ағаш, көмір пеші,

газ құрылғылары, басынгері су жылытқыштар және двигательдерден шығатын газдар. Өрт болып жатқан жерде немесе пеш құбырларының жарылуы, бітелген түтін жолдары, бітелген құбырлар, иісті газдың тұрғын үй немесе басқа да жабық бөлмелерде иісті иісті газдың жинақталуына әкеліп соқтырады. Адамдар сол иісті газбен ластанған ауамен дем алғанда уланады. Адамның жұтып отырған ауасының құрамында 0,08% көміртегі оксиді (СО) концентрациясының 0,32% -ға көбеюі салдарынан адам

сал болып қалу, естен тану жағдайларына әкеліп соқтырады. 1,2% -дан жоғары концентрацияда адам 2-3 рет ауа жұтқанның өзінде өміріне 3 минуттан кейін қауіп төнеді. Сол себепті бұл газ өте қауіпті.

Қанат АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.
Әлиев Бейбіт
Бөлім бастығы азаматтық қорғау майоры.



Суретші Сәрсенбек

Күнделікті өмірде қарапайым, өз ісіне шынайы берілген, мақтануды білмейтін адамдар аз емес арамызда. Солардың қатарынан бүгін мақалаға арқау болып отырған азамат Сәрсенбек Көлшікбаевты көреміз.

Ол Бетпақдалаға қарай қоныстанған Жуантөбе ауылында 1963 жылдың 17 сәуірінде дүниеге келген. Тым жас кезінен сурет өнеріне, мүсін жасау өнеріне жақын болып өсті. Кей кездері өзі өскен өлкенің өркен-өркен жалдарын өрнектеп қағаз бетіне түсіретін. Әуелгіде салған саналуан кесінділерін ешкімге көрсетпей, жасырып ұстайтын.

1979 жылы аталған ауылдағы С.Сейфуллин атындағы орта мектепті бітірген. Білім ұясынан қанаттанған ол шаруашылықта қырылысшы болып, еңбек етіп, келесі жылы әскери борышын өтеуге аттанады. Мұнда жүріп те қаруластары ортасында үлкен беделге ие болып, әскери бөлімдегі барлық безендіру жұмыстарын өзі атқарды. Қолынан қаламын бәр сәтке тастамай аралуан тақырыпқа сурет салып жүрді. Бойындағы өнерге деген қызығушылық оған тыным бермеді. Ізденіп, сурет өнері жайлы әдебиеттерді қолынан тастамай оқыды. Сол әскерде қызметін атқара жүріп, ауылды сағынғанда туған жер туралы суреттер салып, оны достарына көрсетіп, сағынышын басатын.

Борышын өтеп қайтқаннан кейін ол агроном-бригадир, клуб меңгерушісі, ГРЭ-5 экспедициясында қызметкер болып, еңбек етті. Жоғары оқу орнын бастауыш сыныпты оқыту және еңбек мұғалімі және кәсіптік оқыту мамандығы бойынша бітірді.

1994 жылдан бастап А.Байтұрсынов атындағы орта мектебінде мұғалім, ал 2000 жылдан Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарып келеді. Білім ұясындағы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Өз мамандығы бойынша шәкірттеріне сабақ берудің жаңа түрлері мен оқыту технологияларын, заманауи әдістерін меңгеруде аянбай тер төгіп жүр. Күнделікті өткізген сабақтарында, жаңа технологиялық әдістерді тиімді пайдалана отырып оқушыларды білімділікке, ұқыптылыққа, шығармашылыққа тәрбиелеп келеді. Оның басты ұстанымы:

оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол өзінің іс-тәжірибесінің негізінде мектепшілік байқаулар өткізеді. Көптеген шәкірттерді аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп, білім ұясының мерейін көтеруде.

Сәрсенбек ұстаздық еңбек жолында талай шәкірттерді қанаттандырды. Көбісін сурет, мүсін жасау өнеріне бейімдеді. Алдарына үлкен мақсат қойып, биік белестерді бағындыруына барынша үлес қосуда.

Жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеуде жемісті еңбегімен көптеген жетістіктерге қол жеткізген. Білім беру ісінің үздігі, Жылдың үздік мұғалімі төс белгісінің иегері.

«Киелі, күмбезді Түркістан»,



«Сарқырама», «Жаратылыс», «Мойныңқым өлкесі», «Қазақ аруы», «Ана», «Автопортрет», «Сылдырмақ», «Асатаяқ», «Қоңырау», «Сазсырнай», «Шаңқобыз», «Алқа», «Бәйтерек», «Қазақ елі монументі» тағы көптеген жұмыстары көрермендер тарапынан жоғары бағасын алды. Төмендегі суретте Сәрсенбектің қой сүйегінен жасаған мүсіні.

Өнерге баулып жүрген шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен ғылыми жобалар байқауының 1,2,3 орын жеңімпаздары.

Сәрсенбек Бабабекұлы жоғары санатты мұғалім. Отбасында екі қыз тәрбиелеп өсіріп отыр. Алдағы кезде әлі де талай шәкірттердің білім зейінін ашып, шығармашылық талантын аша беретініне сенімдіміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

2024 жылы МӘМС үшін қанша төлейміз?

МӘМС жарналары мен аударымдары бойынша ставкалар өзгеріссіз қалады. Бірақ базалық есептік көрсеткіштің – ең төменгі жалақының (ЕТЖ) – жаңа мөлшерлерінің бекітілуіне байланысты төлем сомалары өзгереді.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР - 3%

Жұмыс берушілер қызметкер үшін жалақының 3% мөлшерінде аударымдар жүргізеді, бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табысы 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауға тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды.

Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР - 2%

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен жұмыскерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2% мөлшерінде жарна төлейді. Салық салу объектісі барлық жұмыс орындарынан айына 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауы тиіс, яғни қызметкердің жалақысына қарай, төлейтін ең жоғары жарнасы 17 000 теңге болуы мүмкін.

-Егер екі жерде жұмыс жасасаңыз, жарналарды қалай есептеу керек?

-Жарналарды төлеу кезінде шекті табыс барлық жұмыс орындарына қарай ескеріледі. Мысалы, қызметкердің жалақысы 600 000 теңгені құрайды. Сонымен қатар, АҚС шарты бойынша қызмет көрсетіп, 350 000 теңге жалақы алады. Жалпы табысы 950 000 теңгені құрайды, яғни 10 ЕТЖ-дан асады. Бұл жағдайда қызметкердің бір жұмыс орнынан жарналар толық мөлшерде ұсталуы керек. Мысалы: $600\ 000 \cdot 2\% = 12\ 000$ теңге. Ал екінші жұмыс орнында ең жоғары төлемнен қалған бөлігі ғана ұсталады: $17\ 000$ теңге (ең жоғары төленетін жарна) – $12\ 000$ теңге (бірінші жұмыс орнынан төленген жарна) = $5\ 000$ теңге (екінші жұмыс орнынан жарна).

Екінші жұмыс беруші жарна мөлшерін дұрыс есептеуі үшін қызметкер оған аударылған жарналар туралы бірінші жұмыс орнынан анықтама беруі керек. Анықтаманы тапсырмаған жағдайда екінші жұмыс орнынан жарналар толық мөлшерде ұсталады, яғни артық төленген сома қалыптасады, – деп түсіндірді қор өкілі.

БІРЫҢҒАЙ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУШІЛЕР - 21,5%.

Жалақыдан ұсталатын бірыңғай төлем – бұл бірқатар салық төлемдерін есептеудің стандартты әдісіне балама. Жалақыдан ұсталатын мындай бес төлемді біріктіреді:

- міндетті зейнетақы жарналары;
- әлеуметтік аударымдар;
- МӘМС жарналары;
- МӘМС-ға аударымдар;
- жеке табыс салығы.

Бірыңғай төлемді жеңілдетілген декларация және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкер мен шағын және орта бизнестің заңды тұлғасы пайдалануға рұқсат береді.

2024 жылы бірыңғай төлем мөлшерлемесі еңбекақы төлеу қорының 21,5% құрайды. Бірыңғай төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күннен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның шотына бір төлеммен жүргізіледі.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР - 5 950 ТЕҢГЕ

Жеке кәсіпкерлер 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді. 2024 жылы: $(1,4 \cdot 850\ 000) \cdot 5\% = 5\ 950$ теңге.

Егер жеке кәсіпкер есептілікті «нөлмен» тапсырса, бірақ өз қызметін ресми түрде тоқтатпаса, онда ол Салық кодексі талап еткендей жарналарды төлеуді жалғастыруы

керек екенін есте ұстаған жөн. Әйтпесе, қарыз пайда болады.

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН АЗАМАТТАР (БЖТ ТӨЛЕУШІЛЕР)

Бірыңғай жиынтық төлем кәсіпкерлік қызметті ЖК ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын бейресми жұмыспен қамтылған азаматтар үшін уақытша

5 жылға (2019 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін) енгізілді. Тиісінше, келесі жылы БЖТ болмайды. Сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәртебені екі жолмен ала алады:

- жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды ЖК ретінде төлеу;
- жарналарды дербес төлеуші ретінде төлеу.

ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР - 4 250 ТЕҢГЕ

Дербес төлеушілер үшін жарналардың мөлшері мына формула бойынша есептеледі: $5\% \cdot 1\ \text{ЕТЖ} = 4\ 250$ теңге.

Сақтандырылмаған азаматтар МӘМС жүйесінің қатысушысы болудың ыңғайлы және тиімді тәсілін пайдаланып, жарналарды алдағы 12 айға дербес төлеуші ретінде төлей алатынын еске салды. Бұл жағдайда әр ай үшін төлемді жеке-жеке төлеген жөн. Бұл жағдайда өткен айлардағы қарыздар болса, жойылады.

МЕМЛЕКЕТ ЖАРНАЛАРЫ - 5 853 ТЕҢГЕ

Қазақстандағы МӘМС жүйесі әлеуметтік бағдарланғандықтан, мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін жарналарды төлеуді жалғастыруда. 2024 жылы мемлекеттің бір азаматқа төленетін жарнасы айына 5852,63 теңгені құрайды (мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 1,9%, яғни мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылға дейінгі орташа айлық жалақы).

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР, ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР, ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ

Төлемді екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ, Kaspi.kz, HalykBank мобильді қосымшалары арқылы, сонымен бірге Касса 24 және Qiwi әмиян өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы аударуға болады.

Маңызды:

- төлеушінің ЖСН және ТАӘ дұрыс көрсетуі;
- төлем жасап, 2-3 жұмыс күннен кейін МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексеру, мәртебе берілмесе – төлемдегі деректерді жаңадан тексеру.

-жеке кәсіпкерлер назарына: салық органдарына есептілікті дайындау және тапсыру; -өз қызметкерлерін төлем жасалғаны туралы хабарлау.

Сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады:

- Qldau 24/7 мобильді қосымшасы
- kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyrBot
- 1414 байланыс орталығы
- Damumed мобильді қосымшасы
- Halyk мобильді қосымшасы
- KZ мобильді қосымшасы
- kz мобильді қосымшасы

-kz электрондық үкімет сайты – «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

Ф.БАТЫРБАЕВА,

Созақ аудандық орталық аурухана-сы - профилактикалық және психологиялық-әлеуметтік көмек бөлімше меңгерушісі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрман КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.